

QarMTU | KarGTU



1953

Тақырып: Әлеуметтану теориясына кіріспе

Пән: Әлеуметтік-саясаттану білім модулі

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған

Лектор: аға оқытушы Садвакасова Р.М

Қарағанды 2020

Дәріс жоспары

1

О.Конт – әлеуметтану ғылымының негізін салушы

2

Г.Спенсердің органикалық теориясы мен Э.Дюркгеймнің әлеуметтік реализм теориясы

3

Әлеуметтанудағы марксизм

4

Бейклассикалық әлеуметтанудың басталуы: М.Вебер

5

XX ғасырдағы әлеуметтанудың негізгі бағыттары

6

Қазақстанда әлеуметтанулық ойдың дамуы (ежелгі кезеңінен XX ғ. басына дейін)

Әлеуметтану тарихын шартты түрде үш кезеңге бөлінеді: **1) Ежелгі дәуірдегі социологиялық көзқарастар; 2) Орта ғасыр және жаңа дәуір социологиясы; 3) Қазіргі замандағы социология.**

Ежелгі дәуірдегі Платон мен Аристотель әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді, адамдардың өзара қарым-қатынастарын зерттеп, оларды қорытып, қоғамды одан әрі жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстары бар бағдарламалар түзді.

Платон пікірінше:

Әлеуметтік проблемаларды сыни талдаулардан өткізіп, қоғамды жетілдіруге бағытталған саяси ұсыныстар жасаумен аяқталатын ғылымның көмегімен жетілген мемлекетті негіздеп құруға болады деген ойды келтіреді.

«Қоғам басшысынан бастап бұзылады», «Қоғамды билеудің негізгі құралы билік жасау емес, бедел».

Мемлекеттің ойдағыдай өмір сүруін қоғамның негізгі үш құрамдас бөлігінің **(өндірушілер, әскерлер, билеушілер)** үйлесімді ықпалдастығы қамтамасыз етеді. «Тек осындай мемлекетте ғана шын мәнінде бай адам, алтынға емес, қайырымдылық пен парасатқа бай адам билік жасайды. Егер кедейлер мен қолында байлығы жоқтар өзіне мол үлес алу мақсатымен қоғамдық игіліктерге ұмтылса, ол жақсылыққа апармайды. Билікке таласушылардың арасындағы өзара қырқыс олардың өздерін де, өзгелерді де қажытып құртады».

Аристотель пікірінше:

«Біздің сеніміміз бойынша, кез келген тіршілік иесінің бойынан қожайындық сезім мен саяси билікті көруге болады. Жан денеге қожайындық етеді, ал ақыл-ой мемлекет қызметшісі сияқты біздің талпыныстарымызға билік жасайды».

Мемлекеттің **мақсаты** – қоғамда көптің бәріне ортақ игіліктер мен әлеуметтік әділеттілікке жету. Мемлекеттік құрылым - мемлекеттік басқару тәртібі. Мемлекеттік басқару жоғары билікті кімнің жүргізіп отырғанына қарай белгілі бір түрлерге жіктеледі. Биліктің өзінің алдына қандай мақсат қойғанына байланысты. Кез келген мемлекеттің адамдары негізгі үш категорияға: байларға, орташаларға, кедейлерге бөлінеді. Аристотель адамдардың байлығына қарай бөлінуі, олардың өз мүдделерін қорғап күресуі мемлекеттің іргесін шайқалтатын әлеуметтік қарсыласуларға апарып соқтыратынын көрсетті. Мемлекет - адамдарға үстемдік етіп тұратын тұтастық.

Орта ғасырларда Аврелий Августин мен Фома Аквинскийдің еңбектері ерекше мәнге ие болды. **Августиннің** пікірінше, адамзаттың тарихы бақилық пен пәнилік, руханилық пен материалдық, жақсылық пен жамандық сияқты кереғар қасиеттердің күресінен тұрады. Августин құдайға сүйіспеншілік идеясын өз тұжырымдарының өзегі етіп алып, саясат пен қоғамдық прогреске түгелдей **теологиялық** тұрғыдан түсінік береді. **Фома Аквинский** адамды **саяси тұлға** ретінде қарастырады. Ол сол замандағы мемлекеттік биліктің шіркеуге тікелей тәуелді екендігіне қарамастан, шіркеу ғана емес, мемлекетте жаратқанның туындысы деп дәлелдеді.

Әлемдік өркениет тарихындағы қайта өрлеу кезеңінің идеялық өзегі – адам құндылығын, оның бостандық пен бақытқа ұмтылу құқықтарын мойындайтын көзқарастар жүйесі, яғни **гуманизм** болып табылады.

Ежелгі дәуір мәдениетін зерттеп, ондағы ізгілік идеяларын насихаттаушылардың бірі «гуманизмнің атасы» атанған **Франческо Петрарка** болды. Осы кезеңнен бастап адам мәселесі қоғамдық ойдағы негізгі мәселеге айналды: бұл жерде **антропоцентризм теоцентризмнен** арылу үшін қолданылады. Бағдарды өзгерту этикалық, эстетикалық және саяси түсініктерді қайта қарауға әкеледі. Адам туралы жаңа көзқарас бірсыпыра әлеуметтік-саяси мәселелерді дұрыс шешуге ықпал етті. Никола Макиавелли өзінің «**Государь**» атты еңбегінде адамның белсенділігі идеясын дамытты және адамның саяси қызметіндегі еркін ерік-жігердің ерекше роліне назар аударды.

Қайта өркендеу мен Реформация кезеңінде социологиялық мәселелерге қызығушылық көбейіп көптеген зерттелер жүргізілді. Италиян философы **Жан Батист Вико** (1668-1744) өзінің «Основания новой науки об общей природе наций» деген еңбегінде өзінің социологиялық идеяларын көрсетті. Вико салыстырмалы типологиялық тарихи зерттеулердің методологиясы мен әдістерін, циклдық теориясын жасап қоғамның тарихи-әлеуметтік даму процесінің сипатын анықтады. Ол әлеуметтік процестерді, саяси, діни, шаруашылықтық, мәдени, құқықтық сияқты т.б. әлеуметтік өмір негіздерін тұтас тануға тырысты. Бұларды ол қоғамның тұтас әлеуметтік құрылымының элементтері ретінде қарастырды. Сондай –ақ Вико әлеуметтік және тарихи психология мәселелерін талдай отырып құжаттарды сын тұрғысынан зерттеудің методологиясы мен әдістеріне үлес қосты. Оның тұжырымдамалары, қазіргі заманауи социологияның жетекші бағыттарын ашуға ықпалын тигізді. Мысалы, **мәдениет теориясы** идеясы. Жан Боден (1530-1596) мемлекет отбасы негізінде пайда болып, жеке меншікті нығайтуға қызмет етеді деп көрсетті.

1. О.Конт – әлеуметтану ғылымының негізін салушы

Әлемдік философиялық және социологиялық ойдың бұрынғы тарихи кезеңдерде дамуы ғылымның жаңа бағытын ашудың **теориялық және методологиялық** жақтарын дайындады. Бұл жетістіктер адам мен қоғамның өзара әрекеттесу сипаттарына, дәлірек айтқанда әлеуметтік қатынастарға баса көңіл қойды. Мұндай ғылыми бағыттың мұқтаждығы әлеуметтік практика үшін өзекті болатын. Осы мұқтаждықтарға **Огюст Конттың** еңбектері маңызды жауап болды. Огюст Конт (1798-1857) Ағартушылық дәуірінің метафизикалық көзқарастарына қарсы болып, қоғамға **рационалды** ғылыми көзқарастың қажеттігін негіздеді. Ол үшін бақылау мен эксперимент қажет болды. Ол өзінің «**Курс позитивной философии**» деген еңбегінде адам санасының зияткерлік дамуындағы «үш кезең заңын» қарастырды. Бірінші кезеңде адам ақылы әлемде болып жатқан процестерді «жоғарғы күштердің тікелей және ұдайы әсерінен» деп ұғындырады. Екінші кезеңде «олар абстракциялық кездейсоқ күштермен» аустырылады. Үшінші кезең ол позитивті кезең, осы кезеңде адам ақылы абсолюттік білімге жете алмайтындығын мойындап, Дүниенің пайда болуы мен оның мақсатын түсінуден бас тартады. Сонымен Конт бойынша позитивизм деген не? Оның бес мағынасы бар:

- 1) түсініксіздікке қарсы қойылған реалдық; 2) жарамсыздыққа қарсы қойылған пайдалылық;
- 3) күмәнділікке қарсы қойылған айғақтық; 4) көмескілікке қарсы қойылған нақтылық;
- 5) күйретушілікке қарсы қойылған ұйымдастырушылық.


Позитивизм – ғылымның тек бізге тәжірибеден белгілі, біз бақылайтын объектімен ғана жұмыс істеуін талап ететін ғылым философиясындағы доктрина. Позитивтік ғылымның мәні, барлық құбылыстарды жаратылысты өзгермейтін заңдарға бағыныш деп қарастырып, дүниенің алғашқы және соңғы себептерін танудың мүмкін еместігін мойындауда. Конт, тек физикалық, химиялық астрономиялық құбылыстар ғана ғылыми зерттелген, сондықтан енді қоғамдық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан ұғыну қажет деді. Басқаша айтқанда «қоғамдық физиканы» жасау керек

О.Конт – әлеуметтану ғылымының негізін салушы

Әлеуметтік прогреске қызығушылық Контты әлеуметтік теориямен айналысып, әлеуметтік философиядан әлеуметтік құбылыстарды ажыратып дербес зерттеу идеясына алып келді. Оны ол әлеуметтік физика немесе әлеуметтану деп атады. Әлеуметтік өрісті зерттегенде, бақылауға, әлеуметтік экспериментке, салыстырмалы әдістерге сүйену керек деді. О.Конттың пікірінше, социология ғылымы не бар деген сұрақпен қатар, құбылыстар қалайша пайда болады деген сұрақтарға жауап беруі тиіс және болашақ проблемалардың алдын алып оларды шеше білуі тиіс. Огюст Конт социологияны қарастыру бағдарламасын әлеуметтік статистика, әлеуметтік динамика деп үлкен екі тарауға бөлді. **Біріншісі** қоғамдық жүйенің өмір сүру шарттары мен заңдарын, ал **екіншісі** қоғамдық жүйенің даму және өзгеру заңдарын зерттейді. Әлеуметтік статистиканың объектісі қоғамның *тыныштық күйіндегі жағдайы*, ал әлеуметтік динамиканың объектісі – қоғамның *қозғалыстағы күйі*.

Әлеуметтік статистика – қоғамдық тәртіп, ұйым, үйлесім теориясы. Әлеуметтік статистика ол әлеуметтік ағзаның құрылысын, тіршілік ету жағдайларын және тиісті гармония заңдарын зерттеуші әлеуметтік анатомия. Мұндай жағдайлар индивидтерге, жанұйяға, қоғамға, жалпы адамзатқа қатысты. Конт қоғамды барлық бөліктері өзара тығыз байланысты, бір-бірімен бірлік те ғана тануға болатын органикалық тұтас дүние ретінде қарастырады. Ол алдымен негізгі қоғамдық институттарды (**отбасы, мемлекеттік, дін**) олардың әлеуметтік қызметі, әлеуметтік ықпалдастықтағы тұрғысынан қарастырады. Әлеуметтік динамика ол әлеуметтіктің қызмет ету заңдарын зерттейтін – **әлеуметтік физиология**. Конт заңы бойынша, адамзат қоғамы дамудың теологиялық, метафизикалық және позитивтік үш сатысын басынан өткереді. Социологияның позитивті білімге, басқаша айтқанда пәндік және әдістемелік нақтылыққа, ғылымилыққа бағдарлануы прогресті роль атқарып әлеуметтік танымдарды дамытуға, әлеуметтік заңдарды ашуға, адам туралы білімдерді тереңдетуге жол ашты. Социологиялық позитивизм, ХІХ ғасыр социологиясының негізгі басым атауы. Оның негізгі концепцияларын Джон Милл, Г.Спенсер, Э.Дюркгейм т.б. жасады. Джон Милл ең алғаш болып құбылыстардың себеп-салдарының болу немесе болмауын дәлелдеудің логикалық жүйесін жасады.

2.1 Спенсердің органикалық теориясы




Ағылшын позитивизімінің негізін қалаушылардың бірі Герберт Спенсер (1820-1903) эволюцияның жалпы идеясын байланыссыздықтан байланыстылыққа, біртектіліктен көптектілікке, белгісіздіктен белгілілікке өту деп түсіндіреді.

Спенсерді **организмшілдік пен эволюцияшылдық** бағыттарының негізін салушы деп танытты. (Социал-дарвинистік мектеп өкілі) Спенсер жүйелердің жалпы теориясы деп аталған және оны адамдар қоғамына қолданылған ғылыми бапты ең алғаш болып жасады. Ол құрылымдық-қызметтілік пен эволюциялық талдауды бірге қолданды. Спенсер қоғамды индивидтердің өзара әрекеттесулер нәтижелерінде пайда болған **ерекше реалдық** деп түсінді. Оның қоғамды ағза ретіндегі ұғымдары әлеуметтік жүйелердің құрылымдары мен қызмет етулерінің маңызды ерекшеліктерін түсіну мен ұғынуға мүмкіншілік берді. Ол қоғамды жеке биологиялық ағзамен бірдей деп санамады, ол тек осы екеуін салыстырып отырды. Мұндай бап институттардың **үш жүйесін** ажыратуға мүмкіндік берді: қолдаушы (өндіріс), бөліп-таратушы (жол тараптары, көлік, сауда), реттеуші (басқарушы). Спенсер бойынша «жауынгершіл» және «Индустриалды қоғам» сияқты қоғамдар типтері, «әлеуметтік құрылым», «әлеуметтік функция», әлеуметтік институттары, «әлеуметтік жіктелу мен интеграция» категориялары осы күндерге дейін қолданыста. Оның пікірінше, қоғам өз өкілдерінің игілігі үшін болуы тиіс. Әлеуметтік тиімді дамудың шарты индивидтердің тең бостандық принципі, барлық индивидтер мен әлеуметтік қабаттардың саяси шешім қабылдауға теңдігі, еркін бәсекелестік деп санады. Спенсердің дүниеге көзқарасында, Конт пен Маркске қарағанда, messiанизм және утопизмдік нышандар болмады. Ол бірінші болып, социологияны утопиядан ажыратты және оны **либерализм** идеясымен біріктірді. Осылайша, әлеуметтануды messiандықтан, утопиялықтан, саясылықтан, мистикалық және басқа да қосындылардын тазартуға көп күш жұмсап, социологияның ғылымға айналуына зор үлес қосты. «Социология» термині Спенсердің арқасында қайта жаңғырды.

О.Конт кезінде *саяси-діни-утопиялық* доктринамен байланысты болса, Спенсерден бастап бұл термин қоғам туралы ғылым ретінде қабылданады. Г.Спенсер барлық жүйелерден әлеуметтік эволюцияны түсінудің **үш формуласына** тоқталды: «жаратылысты сұрыптау», «тіршілік үшін күрес» және «ең мықтының өмір сүруі». Ол қоғамның екі түрін ажыратты: «жауынгершіл» және «өндірістік». Осының екіншісінде ең талапты, мықтысы жеңеді, бұл қоғам үшін игілік. Ол мемлекет тұрғысынан қайырымдылық шаралары азаматтарды енжарлыққа әкеледі деп оған қарсы болды, ал жеке адамдардың қайырымдылық шараларын орынды деп санады. Спенсер мемлекеттің экономика мен адамдардың жеке өміріне араласуға да қарсы болды, бірақ азаматтар құқығын қорғау үшін мемлекет басты роль атқаратынын дәлелдеді.

Людвиг Гумпилович қоғам организмінің негізгі құрамдас бөлігі **топ (нәсіл)** деп санады. Топтар (нәсілдер) арасындағы бітіспес қайшылықтар қоғамдық дамудың негізін құрайды. Оның ілімінде әлеуметтік өмірдегі конфликтердің роліне баса көңіл қойылады. Гумпиловичтің пікірінше, социология ғылымының нысаны әлеуметтік топтар мен олардың өзара қарым-қатынастарын зерттеу болып табылады. Оған тарих пен әлеуметтік заңдарды ұғынуда натуралистік және фаталистік көзқарас тән. Оның пікірінше негізгі әлеуметтік заң ол – «әрбір әлеуметтік топтың барлық басқа әлеуметтік топтарды бағындыру, жолында кездескендерді талқандау мен үстемдікке ұмтылу». Нәтижесінде талқандаушы құрал түріндегі мемлекет пайда болады. Мемлекеттің пайда болуымен топтараралық конфликтер тиылмайды, олар өзге әлеуметтік топтар, таптар, әлеуметтік қабаттар, саяси партиялар сияқты жаңа формаларда көрінеді. Гумпилович, барлық әлеуметтік процестердің, конфликтердің түпкі себебі - адамның материалдық қажеттіктерін қанағаттандыруға ұмтылысы деп санайды. Гумпилович «**этноцентризм**» түсінігін енгізді. Ол тарихи пессимист болғандықтан, қазіргі қркениеттік адам шын мәнінде өзінің ілкітектік жабайылығынан арылмаған.



Людвиг Гумпилович
(1838-1909)

поляк социологы, экономист
және заңгер, әлеуметтік
дарвинизм өкілі.

2.2 Э.Дюркгеймнің әлеуметтік реализм теориясы


Француз социология мектебінің негізін қалаушы Эмиль Дюркгейм (1858-1917) социологияны жеке ғылым етіп негіздеуге, қоғамдық өмірдің барлық құбылыстарын тек социология тұрғысынан түсіндіруге ұмтылды. Ол «**Социология**» атты еңбегінде фактілер категориясы өзіне ғана тән ерекшеліктерімен айқындалатындығын, ал олардың индивидтен тысқары, күштеумен тағылатын ойлау, іс-әрекет, сезіну тәсілдерімен байланысты екендігін көрсетті.. Оның идеялары жалпы социологиялық теориялардан эмпирикалық және қолданбалы зерттеулерге дейін ықпалын тигізді. ХХ-ы ғасырдағы маңызды социологиялық теориялар оның теорияларымен байланысты. Ол социология ғылымын **онтологиялық** тұрғыдан түбегейлі негіздеді. Ол қоғамды басқамен шатыстыруға болмайтын ерекшереалдық деп дәлелдеді. Конттың дәстүрін жалғастыра отырып, Дюркгейм қоғамды ынтымақтастық, бірлестік пен келісім өрісі ретінде қарастырды. Ол үйлесімді ынтымақтастықтың реалдығы мен болашағын оптимисті түрде бағалады, бірақ тоталитарлы қоғамдағы «жасанды» ынтымақтастықтың болатындығын ескермеді. Себебі еңбектің бөлінуі әлеуметтік ынтымақтастық пен бірге өзінше ерекше және конфликті мүдделері болатын әлеуметтік топтардың да пайда болуына алып келеді. Бірақ та, әлеуметтік ынтымақтастық, әлеуметтік конфликттен гөрі, қоғам үшін оңды және универсалды құбылыс. Дюркгейм қоғамды құндылықты-нормативті жүйе ретінде түсінуге маңызды үлес қосты. Ол, әлеуметтік жүріс-тұрыстар әр кезде барлығына тиісті ережелермен реттеліп отырады деді. Дюркгейм құрылымды-функционалды талдаудың бастамасын ашты. Ол әлеуметтік ойдың методологиялық принциптерін және әлеуметтік құбылыстардың, ғылыми дәлелдердің анықтамаларына, бақылауға, ұғындыруға қатысты нақтылы әдістерді, ережелері мен процедураларын жасады. Әлеуметтік өмірдің жеке жақтарын: мысалы мораль, құқық, ауытқыған жүріс-тұрыстар, жанұйя, тәрбие, дін, рым-жоралар зерттеуге көп үлес қосты. Дюркгейм кәсіби социологиялық этиканың пайда болуына да үлес қосты. Социологияның танымдық мақсаты – қоғамдағы тұрақты себеп-салдар заңдылықтары мен байланыстарды зерттеу деп көрсетті.

Дюркгейм бойынша социологияның пәні әлеуметтік фактілер, ал олар екі белгілерімен сипатталады:

1) индивидтен тыс болатындар; 2) индивидті көндіру арқылы әсер ететіндер.

Қазіргі әлеуметтану көп жағдайда Э.Дюркгейм классикалық мұрасына сүйенеді. Өзінің әлеуметтануында ол әлеуметтік таным процесінің әдістемесіне көп көңіл аударды. Ал, бұл методология «социологизм» деп аталды. Социологизмнің мәні мен мазмұны әлеуметтілікте. Қандай да бір әлеуметтік құбылысты тек әлеуметтілік арқылы зерттеу қажет, себебі олардың барлығы әлеуметтік ортамен байланыста өмір сүреді. Оның пікірінше, әлеуметтік нақтылықтың негізгі элементі – **әлеуметтік фактілер**, осылардың жиынтығынан қоғам құрылады. Осы фактілер әлеуметтанудың пәні болады. Оның басты мақсаты қоғамдағы құбылыстарға түркі болатын заңдылықтарды ашып, тұжырымдау. Социологияның дамуындағы сол кезеңде «**социологизм концепциясы**» өте тиімді болды. Сонымен, Дюркгейм концепциясының негізгі *жақтары*: қоғамды дербес объективті реалдық деп мойындау, ортаның жеке сана мен жүріс-тұрысқа ықпалын мойындау, діни моральдың және таным процесінің әлеуметтік табиғатын негіздеу. Э.Дюркгейм әлеуметтік теориясының өзегін әлеуметтік келісім,ынтымақтастық теориясы құрайды. Осы теорияны зерттеуге оның басты еңбегі арналған ол – «**Қоғамдық еңбектің бөлінуі**» деп аталады. Бұл еңбегінде ол әлеуметтанудың басты міндеті – әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың табиғатын және осы әлеуметтік бірліктердің негізін анықтау деп көрсетті. Э.Дюркгейм айтуынша қоғамның тұтастығының негізі – ұжымдық сана. Яғни әр қоғамда тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлердің, көзқарастардың, моаральдық ережелердің жиынтығы болады. Қоғам мүшелерінің көпшілігі осы аталғандарды өздерінің күнделікті өмірлерінде, әс-әрекеттері мен қызметтерінде басшылыққа алып отырады. Ол ХІХғ. Аяғы мен ХХ-ы ғасыр басындағы қоғам дамуының өзгерістеріне талдау жасай келе ұжымдық санадағы өзгерістерге тоқталған. Оның пікірінше экономикалық байланыстардың қоғамдық сананы біріктіру рөлі әлдеқайда төмен, себебі діни сенім, әдет-ғұрыптар адамдардың санасында бұрынғыдай маңызды рөл атқармайды. Қазіргі замандық қоғамның, бұрынғы замандардағы қоғамдарға қарағанда, тұрақтылығы төмен, ол аномиялық жағдайда болуда. Оның айтуынша, аномия қоғамның белгілі бір кезеңінде адамның мінез-құлқының төмендеп, моральдық яғни адамгершілік тұрғыдан басқару қиындап, қоғамдағы негізгі әлеуметтік институттардың, әс-әрекеттің тиімсіздігінен және әлеуметтік қайшылықтардың өсуінен байқалады.

3 Әлеуметтанудағы марксизм



К.Маркс
(1818-1883)

бірінші болып немістің ұлы философы Гегельдің философиялық диалектикалық әдісін қоғамға саналы түрде қолданды.

1) К.Маркс абстрактілі қоғам жағдайына тән даму теориясына қарсы болып, өзінің нағыз, шынайы фактілерге негізделген қоғамның объективтік-материалистік теориясын жасады, қоғамның дамуын «**формация**», яғни ерекше құбылыс ретінде қабылдады.

2) Ол әр уақытта экономиканы ең басты, қозғаушы, шешуші күш деп санады;


3) Қоғамның дамуын (детерминизм) бір формацияның, оған тән өндірістік тәсілдің екінші бір формациямен ауысумен байланысты;

4) К.Маркстің әдістемесінде екі басты үлгісі бар: **а) органикалық б) механикалық**. Біріншісі, әлеуметтік эволюциялық процесті түсіндіру үшін қолданылады, яғни қоғамды тарихи процесс ретінде қарастырады. Екінші үлгісінде базис пен қондырманы талдағанда, олардың арасындағы қатынастарды механизм ретінде түсіндіреді.

5) К.Маркс әлеуметтік құрылым теориясын жасаған авторлардың бірі. Топқа бөлудің негізгі белгісі өндірістік құрал-жабдықтарына меншік формасына байланысты екенін көрсетті. К.Маркс қоғамның әлеуметтік құрылымын экономикалық таптардың қатынастары арқылы анықталды деп көрсетті. Осыған орай К.Маркс жеке тұлғаны зерттеудің қажеттілігін айтып, оны қоғамдық қатынастардың жиынтығы деп түсіндірді.

К.Маркс әлеуметтануының **кемшілігі** – ол рухани-мәдени және саяси факторларға қарағанда, экономикалық қатынастарға басым мән берді және тарихтағы әлеуметтік таптар арасындағы әлеуметтік ымыраға келу, ынтымақтастық мәселелеріне де көңіл бермеді. Оның әлеуметтану теориясы ХІХ - ХХ-ы ғасырлардағы әлеуметтанушыларға – Э.Дюркгейм, М.Вебер, Г.Зиммель т.б. зор әсер етті.

Бейжылма классикалық әлеуметтанудың басталуы: М. Вебер



Макс Вебер
(1864-1920)

неміс
әлеуметтанушысы,
әлеуметтік философ,
тарихшы

Еңбектері: «Түсіністікті
әлеуметтанудың кейбір
белгілері жөнінде»,
«Әлемдік діндердің
шаруашылық этикасы»

Макс Вебердің теориясындағы **өзекті мәселе**: адамның өзара күрделі қарым-қатынастары жүйесінің салдары болып табылатын әлеуметтік әрекеттерді қоғамдағы индивидтер мінез-құлқының қарапайым түрлерінен бөліп қарастыру болды. Оның ілімі бойынша, қоғам әрқайсысы өздерінің мақсаттарына жету үшін әрекеттенуші индивидтердің жиынтығынан тұрады. Жекеленген индивидтер іс-әрекеттері бірігіп, соның негізінде серіктестіктер (топтар немесе қоғам) пайда болады. М.Вебердің әлеуметтану теориясы **позитивистік** теорияға қарсы шығу кезеңінде пайда боды. Позитивизмге қарсы шығу дәуірінде ол әлеуметтанудың өзгешелігін жақтай отырып, адм іс-әрекетін, қимылын «түсіну, ұғыну» теориясын қалыптастырды. М.Вебер ойларының өзектілігі, ең алдымен, оның нақтылы зерттеулерінің жаңа дәуір сипатымен тығыз байланысында. Сондықтан әлеуметтік білімдердің жаңа типі М.Вебердің еңбектерінен көрінді. Жиырмамыншы ғасырда кең тараған дағдарысты мәдениеттің дағдарысы деп түсінген М.Вебер жаңа ғасырда өзінің жаңашылдығын, өзектілігін танытқан социология ғылымының негізін қалаушылардың бірі болды. М.Вебердің пікірінше, әлеуметтану қоғамның әлеуметтік-тарихи құбылыстарының субъективтік жақтарын, нақтылы айтқанда адамның іс-әрекетінде, қызметінде оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін, қажеттілігін, мақсатын т.б.әр уақытта ескеріп отыруы керек.

Әлеуметтану оны объективтілік пен эмпирикалық жағынан бақылап, тексеру жақтарын ескеру керек. Әлеуметтанудың **міндеті** – адамдардың іс-әрекетінің, қимылының мәнін, мағынасын, мазмұнын терең түсіну, ұғыну болып табылады. Осыларды ескере отырып, қоғамның даму заңдарының себебін ашуға болады.

М.Вебер әлеуметтану зерттеулерінде түсіну, ұғыну әдістеріне көп көңіл қоюына байланысты, оның әлеуметтану теориясы **«түсіну, ұғыну теориясы»** деп аталады. Ол **«идеалды типтер»** әдісін жасады. Оның пікірінше, мақсатқа сәйкес келетін іс-әрекет, қимыл негізгі идеалдық тип болып саналады, ал саналы емес іс-әрекет, оның төмендеуі әр уақытта тәртіптен ауытқуға алып келеді. Әлеуметтік іс-әрекеттің ақылдығы, парасаттылығы, ақылға жеңдірушілігі – тарихи процестің басты бағыты. М.Вебердің пікірінше, капитализмнен бұрынғы қоғамдарда салт-дәстүр маңызды орында болды. Ақыл-парасаттылық тек капиталистік қоғамдық өмірді ұйымдастырудың негізі принципінде болады. Бұл жерде ол экономиканы дінмен байланыстырады. **«Протестанттық этика және капитализм рухы»** деген еңбегінде ол діни-этикалық нұсқаулардың экономикалық іс-әрекетке ықпалын түсіндіруге тырысты. Еуропа өркениетіндегі ақыл-ой, парасаттылықтың ықпалын зерттеу осы еңбегінің негізгі тақырыбы. Адам мінез-құлқын зерттеу әлеуметтанушыны әр уақытта қызықтырып отырады, себебі әрбір адам өзінің тәртібіне, іс-әрекетіне белгілі бір мағына, мән береді, оны түсінуге тырысады. Сондықтан әлеуметтану «түсіну» ғылымына айналады. М. Вебердің әлеуметтануы саналы адамның мінез-құлқы, сондай ақ оның әлеуметтік іс-әрекеті туралы ғылым. Ол саяси әлеуметтануды да дамытуға үлес қосты. Бұл бағытта ол саяси биліктің үш түрін көрсетті: харизматикалық, дәстүрлі, бюрократиялық. Сондай ақ ол биліктің үш түрлі легитимдігі болатындығын айтты: харизматикалық легитимдік, әдет-ғұрып легитимдігі, ақыл-парасат, құқық легитимдігі. М.Вебер әлеуметтік стратификация (жіктелу) теориясының негізін салды.

5. XX ғасырдағы әлеуметтанудың негізгі бағыттары

XX ғ. әлеуметтануы – әлеуметтанудың жаңа дәуірі. Ол осылармен сипатталады: 1) эмпирикалық әлеуметтанудың дамуы және қалыптасумен байланысты болуымен; 2) тұжырымдамалар мен бағыттардың шығуымен; 3) теориялық эмпирикалық әлеуметтануды белгілі бір дәрежеде біріктіруге бағыт алумен. XX ғ. әлеуметтану үш кезеңнен тұрады:

1920-1940



эмпирикалық әлеуметтанудың
басымдылығы

1940-ң II жартысы - 1960 аяғы




теориялық әлеуметтанудың зерттеулерін микро және макро
әлеуметтанумен әрекет жасалды; әлеуметтанудың жаңа деңгейі

1970 – қазіргі уақыт



Әлеуметтану XX ғ. негізгі тенденциялары **эмпирикалық** әлеуметтанудың дамуынан басталады. Эмпирикалық әлеуметтану нақты зерттеулермен байланысты. Мұндай зерттеулер 20-30 жж АҚШ-та және басқа дамыған елдерде жүргізілді. Бірақ бұл теориялық әлеуметтанудың деңгейін төмендетті, сондықтан оны қайта жаңғырту қажет болды. Бұл мәселелерді көтеруде Т.Парсонс, Роберт Мертон, П.Сорокин т.б. зор еңбек сіңірді.

Т.Парсонстың «құрылымды-функционалды талдау» социологиялық мектептің негізін салушы. Оның көп еңбектерінің ішінен оның негізгі екі еңбегін – **әлеуметтік іс-әрекет, қимыл** («социальное действие») және **құрылымды-функционалды талдау** («структурно-функциональный анализ»). Бұлардың қысқаша мазмұны мен мәні келесіде – қандай да бір іс-әрекет, қимылдың болуында қажетті шарттар бар. Әрекет, қимыл, біріншіден, оны жүргізетін адамды, екіншіден, нақты жағдайды, үшіншіден мақсат пен белгілі бір заң нормаларына сүйенген шартты жағдайларды қажет етеді. Оның пікірінше, әрбір әрекет, қимылдың өзін-өзі ұйымдастыратын белгілі жүйесі, оның шартты белгілері бар.



Толкотт Парсонс
социолог,
функционалды
мектептің
жетекшісі, белгілі
американдық
әлеуметтанушы-
лардың бірі

(1902-1979)

«Әлеуметтік іс-әрекет» теориясының негізгі ұғымы – «**әрекеттер жүйесі**». Ол әрекеттер жүйесіне, әлеуметтік болмыстың түрлі байланыстарын жатқызады. Т.Парсонстың 2ші теориясы «құрылымды-функционалды талдауға» бағытталған, онда қоғам және оның жеке жүйелерінің белгілі бір функцияларды орындауы қарастырылады және қоғам құрылымының дифференциациясына жете назар аударылады. Парсонс әр кезеңге сәйкес қоғам құрылымның күрделенуін көрсетіп, құрылымының күрделенуі қоғамның және оның жүйелерінің тұрақтылығын төмендетеді деді.

Т.Парсонс барлық әлеуметтік жүйелер негізгі **төрт қызметті** атқарады деді:

- жүйенің ішкі және сыртқы өзгерістерге беймделуі (адаптация);
- қойған мақсатқа жету;
- интеграция (біріктіру) – жүйенің өзінің барлық элементтері мен қызметтерін байланыстыруы;
 - үлгіні сақтап қалу – субъектілердің жүріс-тұрыстарын жасау, сақтау, олардың мотивациялары мен мәдени ережелерін жетілдіру.

Т.Парсонстың барлық тұжырымдамасының кілті – **тепе-теңдік** категориясы. Оның пікірінше, қоғам тек тепе-теңдік қалыпта ғана өмір сүре алады. Тепе-теңдіктің бұзылуы жүйенің бұзылуына және оның жойылуына әкеледі. Сондықтан әлеуметтанушының басты міндеті – жүйенің, қоғамның тепе-теңдігін сақтайтын нұсқаулар беру. Тепе-теңдік әлеуметтік әрекетпен жасалады. Әлеуметтік әрекеттің құрылымына келесілер ықпал етеді: құндылықтар жүйесі мен нормативті рәміздер; мақсатқа жету жолдары туралы жеке шешім қабылдау; қалыптасқан жағдайдың өзі.

Т.Парсонстың әрекет жүйесінің моделі **төрт жүйешіктен** тұрады: әлеуметтік, мәдени, жеке әрекет, ағзалық. Оның пікірінше қоғам мен адамзаттың дамуы эволюциялық сипатта болады. Мұндай даму процесінде дифференциация мен интеграция күштері жұмыс істейді. Жүйе тиімді жұмыс істеуіне оның жоғары ұйымдастырылуы, өзге жүйелермен сиыса алуы, өзарақолдаудың болуы, жүйенің өз элементтерін бақылай алуы, қатынаудың ортақ ережесі қажет. Т.Парсонс тұжырымдамасында қоғамның үш типі жасалып көрсетілген: қарапайым, аралық, қазіргі замандық.

Эмпирикалық және теориялық әлеуметтануды біріктіру идеясын бастаған **Р.Мертон** болды. Функционалдық социология өкілі. Оның 1949 жылы «Әлеуметтік теория әлеуметтік құрылым» атты еңбегі шықты. Ол осы мақсатқа жету үшін өзінің *функционалды талдау және «ортаңғы деңгей»* теорияларын жасады. Р.Мертон қоғамдық өмірдің құбылыстарын жүйелеуге мүмкіндік беретін методологиялық және теориялық ережені жасады. Оның «Орта деңгей социологиялық принцип теориялары» атты еңбегін «арнайы социологиялық теориялар» деп атайды. Бұл – жеке, нақтылы эмпирикалық зерттеулердің гипотезалары мен барлық байқалған әлеуметтік жүріс-тұрыстар, әлеуметтік өзгерістерді ұғындыратын теориялар.


Р.Мертон өзінің орта деңгей теориясының негізіне «қызметтілік» ұғымын салды және онда үш негізгі ойын көрсетті: 1) **«қызметтілік бірлік постулаты»** - қоғамды теория тұрғысынан тұтас көру деген қоғамды теориялық тұтас қамтиту емес, ол әлеуметтік фактілер тереңіндегі бірлікті көру; фактілер қызметтілік жағынан анықталған, олардың әлеуметтік өмірді біріктіру мүмкіншілігі бар; 2) **«қызметтіліктің универсалдық постулаты»** - мәдениеттің барлық формаларының талдаулық зерттеулерді қажет ететін қызметтілік қасиеттері бар; 3) **«көндірулік постулаты»** - қызметер «көндірушілік» қасиеттерге ие, бұл қоғамның барлық институттар қызметтілігін себептейді.

Р.Мертонның ойынша, қайталанып отыратын әлеуметтік құбылыстар қызметтілік талдау объектісі бола алады. Әлеуметтік құбылыстардан пайда болатын объективті салдар – барлық қызметтердің басты мазмұны болады деп көрсетеді. Р.Мертон бірінші болып әлеуметтік құбылыстардың қоғамда әлеуметтік тәртіпті қолдау және оны сақтау функциясынан өзге, керісінше, олардың дисфункциясына, яғни әлеуметтік құбылыстардың қоғам құрылымындағы әлеуметтік зорлық-зомбылықтарды, шиеленістерді, олардан туындайтын қарама-қайшылықтарды көрсетуге баса көңіл қойды. «Ортаңғы деңгей теориясы» бір жағынан әлеуметтік фактілердің үлкен топтарын қорытындылаудың нәтижесі. Екінші жағынан, жалпы әлеуметтанудың кейбір жақтарын одан әрі нақтылап түсіндірудің құралы болды.

Эмпирикалық және теориялық әлеуметтануды біріктіру идеясын бастаған функционалдық социология өкілі **Р. Мертон** болды. Оның 1949 жылы «Әлеуметтік теория әлеуметтік құрылым» еңбегі шықты. Ол осы мақсатқа жету үшін өзінің *функционалды талдау және «ортаңғы деңгей»* теорияларын жасады. Р.Мертон қоғамдық өмірдің құбылыстарын жүйелеуге мүмкіндік беретін методологиялық және теориялық ережені жасады. Оның «Орта деңгей социологиялық принцип теорияларын» «арнайы социологиялық теориялар» деп атайды. Бұл – жеке, нақтылы эмпирикалық зерттеулердің гипотезалары, әлеуметтік жүріс-тұрыстар, әлеуметтік өзгерістерді ұғындыратын теориялар.


Р.Мертон өзінің орта деңгей теориясының негізіне «қызметтілік» ұғымын салды және онда үш негізгі ойын көрсетті: 1) **«қызметтілік бірлік постулаты»** - қоғамды теория тұрғысынан тұтас көру деген қоғамды теориялық тұтас қамтиты емес, ол әлеуметтік фактілер тереңіндегі бірлікті көру; фактілер қызметтілік жағынан анықталған, олардың әлеуметтік өмірді біріктіру мүмкіншілігі бар; 2) **«қызметтіліктің универсалдық постулаты»** - мәдениеттің барлық формаларының талдаулық зерттеулерді қажет ететін қызметтілік қасиеттері бар; 3) **«көндірулік постулаты»** - қызметер «көндірушілік» қасиеттерге ие, бұл қоғамның барлық институттар қызметтілігін себептейді.

Р.Мертонның ойынша, қайталанып отыратын әлеуметтік құбылыстар қызметтілік талдау объектісі бола алады. Әлеуметтік құбылыстардан пайда болатын объективті салдар – барлық қызметтердің басты мазмұны болады деп көрсетеді. Р. Мертон бірінші болып әлеуметтік құбылыстардың қоғамда әлеуметтік тәртіпті қолдау және оны сақтау функциясынан өзге, керісінше, олардың дисфункциясына, яғни әлеуметтік құбылыстардың қоғам құрылымындағы әлеуметтік зорлық-зомбылықтарды, шиеленістерді, олардан туындайтын қарама-қайшылықтарды көрсетуге баса көңіл қойды. «Ортаңғы деңгей теориясы» бір жағынан әлеуметтік фактілердің үлкен топтарын қорытындылаудың нәтижесі. Екінші жағынан, жалпы әлеуметтанудың кейбір жақтарын одан әрі нақтылап түсіндірудің құралы болды.



Роберт Кинг
Мертон
американдық
әлеуметтанушы,
қазіргі
құрылымдық
функционализмнің
өкілі.

(1910-2003)



Вильфредо Парето
(1848-1923)

итальяндық әлеуметтанушы-позитивист, экономист, элита теориясын жасауға ерекше үлес қосқан функционализмнің негізін қалаушылардың бірі.

В.Паретоның циклдық өзгерістер теориялары. Паретоның социологиялық теориялары оның «Трактат по общей социологии» деген еңбегінде көрсетілген. Ол XIX ғ. аяғында- XXғ. Басындағы позитивистік әлеуметтанудың көрнекті өкілдерінің бірі. В.Парето ең бірінші **элиталар теориясын** жасаған. Өзінің элиталарның айналымы тұжырымдамасында ол әлеуметтік тепе-теңдікті сақтау және әлеуметтік жүйелердің тиімді қызметі үшін әлеуметтік мобильдіктің қажеттілігін негіздеді. Оның элиталар теориясы **демократия** туралы түсінікті тереңдетіп кеңейтті. Паретоның пікірінше, әлеуметтік жүйе тепе-теңдік қалпына қарай ұмтылады, бұл динамикалық тепе-теңдік және әлеуметтік құрылымның динамикасы элитадан яғни басқарушы азшылықтан басталады. Әлеуметтік пирамиданың басын байлар құрайды, оның астында кедейлер жайғасады. Қоғамда материалдық және рухани құндылықтар елге бірдей үлестірілмейді, әсіресе, билік, байлық, құрмет көрсету. «Байлықты үлестірудегі теңсіздік қоғамның экономикалық ұйымынан гөрі адамның табиғатына байланысты болады дейді Парето».

Әлеуметтік **динамиканы** түсіндіру үшін Парето өзінің «элиталардың циркуляциясы (айналымы)» туралы теориясын тұжырымдап берді. Оның ойынша, жүйенің теңселу процесі және әдеттегі қалпына келуі әлеуметтік циклді құрайды, ал циклдың өтуі элиталар айналуының сипатына байланысты.

Элиталар қоғамның төменгі топтарынан шығып пайда болады және күрес барысында жоғары топтарға көтеріледі. Бұл айналым тарихтың **универсалды заңы** болып табылады. Элиталар қалыптасады, күреседі, билікке жетеді, билікке рахаттанады іріп-шіріп кетеді, одан кейін оның орнын ізімен келе жатқан басқа азшылық басады. Парето, неліктен элиталар ауыстырылады және олардың үстемдігі тұрақсыз, ұзақ созылмайтын болады деген сауал қойды. Элита үшін үстемдіктің кепілі болып тұрған қасиеттер әлеуметтік дамудың айналым барысында өзгеріп кетеді; осындай элиталардың түрлері де өзгереді. Паретоның ойынша, элиталардың басты **екі түрі** болады, олар бірі-бірін ауыстырып отырады. **Бірінші түрі** – «арыстандар», оларға төтенше, барып тұрған консерватизм, басқарудың қатаң, «күш жұмсап істеткізетін» әдістері тән. **Екінші түрі** – «түлкілер» - алдауға, саяси әрекеттерге, қаскүнемдік қылықтарға шебер. Тұрақты әлеуметтік жүйеде көбінесе «арыстандар» элитасы қалыптасады. Керісінше, жүйенің тұрақсыздығы прагматикалық бағытта ойлайтын, жігерлі қайраткерлерді, жаңашылдарды, әрекетшілерді талап етеді. Әр елитаға басқарудың екі әдістердің бірі тән болады. «**Түлкілер**» элитасына – манипулятивтік әдіс, яғни айлалы әрекеттермен, компромистермен, әлеуметтік демагогиямен байланысты. «**Арыстандар**» элитасына – қатаңдықпен, күшпен басу әдісі тән. Уақыт өткен сайын элиталар, алғашқы қасиеттерін жоғалтуға байланысты, қоғамды басқару талаптарына сәйкес келе бермейді. Элитаның қатарында басқаруға қабілеті жоқ адамдар жиналады, сондықтан олар күш жұмсауға, терор жүргізуге барады. Сондықтан әлеуметтік жүйенің тепе-теңдігін сақтау үшін бір элитаны екінші элитамен ауыстырып және олардың құрамын жаңартып отыру керек. Басқарушы тапқа төменгі топтардан шыққан әулеттерді қосып отыру (рекруттеу) қажет. Элиталар айналымда болып отыруы тиісті. Ал айналымның тоқтап қалуы билік етіп тұрған элитаның құлдырауына, жүйені революция жолымен өзгертуге апарады.



Питирим Сорокин
(1889-1968)

орыс-американ
әлеуметтанушысы,
әлеуметтік стратификацияны
және әлеуметтік мобильділік
теориясының негізін
салушылардың бірі

АҚШ-та жұмыс істеген социолог Питирим Сорокин эмпириялық социологияны тар тақырыптылығы, әлеуметтік мәселелерді кеңінен қамти алмайтындығы үшін сынға алды. Оның пікірінше, социология басқа ғылым салалары қарастырмайтын өзіндік зерттеу нысаны бар әлеуметтік ғылымның дербес бір саласы. Ол қоғамдық құбылыстарды оның өмір сүруімен тығыз байланыстыра қарастырды және әлеуметтік институттардың қоғамның икемділігіне қалай әсер ететіндігіне көңіл қойды. П.Сорокин қоғамдағы өзгерістерді түсіндіруге көмектесетін теориялық тұжырымдамалардың авторы: **әлеуметтік мәдениет динамикасы** тұжырымдамасы (тарихи процесті әрқайсысы белгілі бір тұтастыққа ие мәдениеттер типінің қозғалысы деп түсіндірді) және қоғамның **интегралдық** (біріктіруші) типі тұжырымдамасы. П.Сорокин мәдениеттің үш түрін: **сезімдік, рационалдық, идеалистік** түрлерін атап көрсетті. Біріншісінде өмірді тікелей сезіммен қабылдау, екіншісінде ақылмен пайымдау, үшіншісінде түйсікпен бағамдау басым. Мәдениеттің осы үш түрлі типі адамзат қоғамы дамуының түрлі кезеңдеріне сай келеді. П.Сорокин өзінің әлеуметтік мәдениет динамикасы тұжырымдамасы арқылы қоғамның әлеуметтік өзгерістері мен даму диалектикасының қайнар көздері мен қозғаушы күштерін түсіндіруге тырысты. Екіншісінде, қоғамның бірігу тұрпаты тұжырымдамасында П.Сорокин болашаққа көзқарасын тұжырымдады. Оның бұл тұжырымдамасы қоғамның алуан түрлі ұйымдары мен жүйелерінің арасындағы байланыс-қатынастарды және адамзат қоғамының талап-тілектеріне оларды пайдалануды нақты түрде көрсетті. Ол жалпы адамзат қоғамы қиын-қыстау жағдайды басынан өткізіп, өзгеріп отырса да, ол әр уақытта бірігу бағытына қарай дамитығын көрсетті.

Ресейдегі әлеуметтану ойдың дамуы. Ресейде әлеуметтану ойларының қалыптасуына француз ағартушылары (Монтескье, Вольтер, Дидро, Сен-Симон және т.б.), ағылшын экономистері (Адам Смит, Рикардо және басқалар), неміс романтиктері (Шеллинг және т.б.) үлкен ықпал көрсетті. Ресейдегі әлеуметтанымдық ойлар еуропа мәдениетінің интегралдық бөлігі ретінде дамыды.

Бұл ықпал XVIII ғасырдың бірінші ширегіне дейін басым жатты. XIX ғасырдың бірінші ширегінен бастап Ресейдегі әлеуметтік ойлардың басым және өзара қарама-қарсы бағдарларына славяншыл (славянофильство, мен орысшыл (русофильство) бір жағынан, батыстық бағыт –екінші жағынан араласты. Сол кездегі славяншылдар Н. Данилевский, А. Катков, В. Леонтьев, К. Победоносцев болды.

Батысшылдықта **үш бағыт** өмір сүрді: XIX ғ. 30-шы жылдары ірі өкілі В. Чаадаев болған теократтық (діни); В. Белинский басшылық еткен гуманистік (40-шы жылдары); 60-шы жылдарының алдымен А. Герцен салған кейін Н. Чернышевский, Н. Добролюбов, Д. Писарев және т.б. көрнекті өкілі болған халықшылдар.

Орыстық әлеуметтану дамуының ұлттық **ерекшелігі** – ғылыми әлеуметтік ойлар, азаттық қозғалысымен байланысты бағдарда болды. Оның негізгі ықпалын маркстік әлеуметтанымдық идеялардың пайда болуы мен таралуы атқарды. Сол кезде қоғам туралы қалыптасқан материалистік ілім-әлеуметтік құбылыстарды фактілер деп қарап жаратылыстық ғылымдар үлгісі бойынша себептілік-салдармен түсіндіру сипатына сай қоғамтануды құруды талап етті. **Марксизмдегі** әлеуметтану қоғамды оның дамуындағы негізгі заңдылықтарды сонымен бірге басты әлеуметтік қауымдасу мен институттарын зерттеу болып табылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдегі әлеуметтік ойлардың қалыптасқан жағдайы орыстың әлеуметтік ой-пікірлерінің сипаты мен бағытын анықтайды. Бірінші орыс әлеуметтанушылары алғашқы халықшылдар ұрпағының ізін қуды (Н. Чернышевский және өзгелер).

Орыстың әлеуметтану ойшылдарының анықтаушы бағыты **субъективизм** болса оның көрнекті өкілдері болып П. Л. Лавров, Н.К. Михайловский, Н.И. Кареев саналды. П. Лавров (1823-1890) әлеуметтануға «антропологизм», «субъективті әдіс», «субъективті көзқарас», сияқты да терминдерді тұңғыш рет енгізді. Лавровтың пікірі бойынша әлеуметтану **нормативті** ғылым болып саналды. Оның ойынша индивид қоғамның жеке нағыз қозғаушы күші болып табылады. Сондықтан да оның мүдделерімен есептеспеуге болмайды.

Әлеуметтанудағы **субъективистік** бағыттағы ірі тұлға орыс әлеуметтанушысы Н. М. Михайловский (1822-1904) болды. Ол адамдардың өзара және басқа табиғатқа да қарым-қатынастарының түбірлі және ештеңеге ұмтылмайтын айырмашылығын анықтаған. Оның пікірінше, бірінші жағдайда біз тек жай ғана құбылыспен емес белгілі мақсатты көздеген құбылыстармен іс жүргізсек, екіншісінде-бұл мақсат өмір сүрмейді. Бұл **айырмашылық** маңызды әрі мәнді өйткені оның өзі адамзат әрекетінің қызметінде түрлі әдістерді қолдану қажеттілігін тұспалдайды. ... Соған орай біз қоғамдық құбылыстарды тек субъективті деп бағалаймыз. Михайловский Чарльз Дарвин мен Г. Спенсердің эволюциялық теориясын теріске шығарды және әлеуметтік бақылаудың талқандаушы әрекетінен индивидті құтқару қажеттілігі теориясына сүйенді. Оның пікірінше, индивид пен қоғам арасында талассыз соғыс жүріп жатады. Әлеуметтік мінез-құлыққа еліктеу, сендіру, мәртебенің қандай ықпал жасайтынына көңіл аударып Михайловский З. Фрейд пен В. Адлердің **психоанализін** оң бағалады.

Н. Кареев (1850-1931) «Введение в изучение социологии» (Спб., 1897) деген монографиясында әлеуметтану өмір туралы жалпы ілім сияқты қоғам туралы ілім болуы тиіс деген пікірді қолдады. Ұйымдасқан ортаны құрайтын басты бірлік ретінде Кареев индивидтің тарихтағы роліне аса көңіл аударды. Ол қоғам биологиялық, физикалық факторлардың онымен қоса сыртқы орта факторларының өзара әрекет-қимылдарының күрделі жемісі деген қорытынды жасады. Кареевтің әлеуметтанымдық зерттеулері қоғам прогресінің идеяларын дамытуға бағытталған болды.

Ресейдегі әлеуметтанымдық ойлардың дамуының маңызды кезеңі М.Ковалевскийдің (1851-1916) «Әлеуметтану» атты екі томдық ірі еңбегінің жарық көруімен байланысты. Онда әлеуметтанудың тарихтан **айырмашылығы** көрсетіліп оның негізгі міндеттері айқындалып адам қоғамын зерттеудегі орны белгіленген.

Ресейдегі заң әлеуметтанымының дамуына Н.М. Коркунов (1853-1904) негіз салды. Оның орыстың әлеуметтану тарихына қосқан үлесі-құқықтық жүйені әлеуметтанымдық идеялардың позициясы негізінде дамытуы болып табылады.

Әсіресе заң әлеуметтанымына Л.И.Петражицкий (1867-1931) **психология немесе психологиялық** әлеуметтану салаларын кеңінен қосты. Петражицкий «эмоциялық әлеуметтану» негізінде әлеуметтік процестердің түрлерін, құрылымын және әлеуметтік дамуды талдап заңдық және саяси институттардың қызметіне ерекше көңіл бөлді.

XX ғасырдың екінші жартсында –XX ғасырдың басында Ресейде әлеуметтану жеткілікті дамып таралғанымен 1917 жылғы төңкеріске дейін оқу орындарында оқу пәні ретінде қолданылмады. 1916 жылы орыстың жетекші әлеуметтанушылары, биологтары мен экономистері тұңғыш рет елде М.М. Ковалевский атындағы Ресей әлеуметтанушылар қоғамын құрды.


Қазан төңкерісінен соң Ресейде әлеуметтанудың **институтталыну** процесі басталды. Мұнда нақтылы әлеуметтанымдық зерттеулер негізінде жаңа қоғамның әлеуметтік теориясын жасау мәселесі қолға алынды. 1918 жылы мамыр айында Халық Комиссарлар Кеңесінің қоғамдық ғылымдар социалистік Академиясы туралы қаулысының жобасындағы басты міндеттер қатарына әлеуметтік зерттеулерді қою керектігі аталған. Әлеуметтанудан ғылыми дәреже еңгізіліп, Петроград пен Ярослав университеттерінде әлеуметтану кафедрасы ашылды.

6 Қазақстанда әлеуметтанулық ойдың дамуы

Қазақ елінде XIX ғ. II жарт. мен XX I жарт. алдыңғы қатарлы әлеуметтік-саяси ой-пікірлер қалыптаса бастады. **Қазақ ұлттық мәдениетінің** жаңа жол ашушы бір топ ұлы ойшылдар мен прогрессивті ағартушылар, қоғамдық-саяси қайраткерлер шықты (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов).

Ш.Уәлихановтың қоғамдық-әлеуметтік көзқарастары оның «Записка о судебной реформе», «Очерки Джунгарии», «О мусульманстве в степи», «Тенгри» деген еңбектерінде көрсетілген. Патшалық ресейдің Сібір қазақтарына арналған сот реформасы туралы мақаласында Ш.Уәлиханов ресми үкіметке көптеген **талаптар** қояды. Бұл талаптар халық өмірін жақсартуға бағытталған. Ш.Уәлиханов өз халқының өзіндік ерекшелігін ескеру реформа дайындау барысында ерекше маңызды фактор екенін айтады. Осы сот реформасы жайындағы хатында қазақ даласында жүргізілуге тиісті реформа халықтың мүддесіне, оның материалдық мұқтажына сай келуі, әрі сол қоғамның ұлттық мінез-құлқына сәйкестендірілуі қажеттігін терең талдап, қорытты. Ш.Уәлихановтың ойынша, халық үшін ең **маңыздысы** - оның мұқтажын өтейтін нақты іс-шаралар. Ол 1864 жылы жазған еңбегінде реформаны іске асыру барысында халықтың ерекшелігін ескеруі жайлы ойын тереңдете түсті, реформалардың сәтті болуы халықтың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, заңдарын жан-жақты зерттеуге байланысты екенін айтты. Ш.Уәлиханов **прогресс** деген ұғымға халықты ағарту, отандастарының саяси-экономикалық жағдайын жаңарту деген мағыналарды сиғызады. Шоқанның прогресшілдігі, халықты мәдениеттен, алдыңғы қатарлы ұлттық ғылымнан бөліп тастауға қарсы болуында. Ол билер сотын сақтау керек деген қорытынды жасайды, Себебі билер соты, бітімгершілік сотқа қарағанда әділдікке әлдеқайда жақын. Мысалы, би болу үшін халық арасында әділдік, шешендік жағынан танылған адам болуы тиіс, бидің билігі ұнамаған адамның екінші бидің төрелігіне жүгінуге құқық барлығын және тағы басқа фактілерге сүйене отырып осы тұжырымға келеді. Би атағы тек сот рәсімін терең білген, шешендік өнерді терең меңгерген адамға берілген. Биді ешкім сайламайды, ресми түрде ешкім бекітпейді, оның билігі мен шешімі беделге сүйенеді.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының экономикалық және рухани дамуын тездетудің негізгі құралы етіп барлық қазақ ауылдарында орыс-қазақ мектептерін ашуды міндет етіп қойды. Өзі бас болып «**Қазақ хрестоматиясы**» оқу құралын жарыққа шығарды. Мұндағы көздеген мақсаты, қазақ оқушыларының орыс тіліндегі кітаптарды пайдалана білуге баулу, орыс мәдениетін түсінуді жеңілдету болатын. Ыбырай Алтынсарин орыс білімі қазақ халқының рухани дамуының жолы және Қазақстанның өндірістік дамуына септігін тигізетін ғылыми және практикалық білімін қабылдаудың әдісі деп санады. Осы идеясын іске асыру үшін ол 1883 жылы Торғай қаласында қол өнер мектебін ашты. Алтынсарин пікірінше, **нағыз адамдар** – ол ғылымды игеріп, біліммен қаруланған, дүниенің игілігін пайдалана білетін адамдар. Ғылым адамды надандықтың түнегінен шығарады, оның ой өрісін шексіз кеңейтеді дейді. Оның түсінігі бойынша **білім** деген, айналадағы ақиқатты тану. Сонымен Алтынсариннің әлеуметтік идеясы қоғамда ғылым мен білімнің ролін дәріптеуге бағытталған. Өзінің шығармаларында ол жергілікті өкімет, сот орындарының өкілдерін, молдаларды сынады. Ол оқушылардың бойына ізгілік өрнегін егу үшін «Қырғыз хрестоматиясында» демократия және гуманизм рухында жазылған өлеңдер мен әңгімелерді шығарды. Алтынсарин замандастарын **гуманизм** рухында тәрбиелеуге тырысты, оларды кедейлерге, бақытсыздыққа ұшыраған адамдарға көмек беруге шақырды. Өз дәуірінде Ы. Алтынсарин Қазақстанның экономикалық даму келешегін, қазақ халқының болашағы, оның қандай жолмен алға басатыны туралы аса құнды, терең құнды ой-пікірлер айтты. Ол әлеуметтану мәселелері туралы арнайы еңбек жазбағынымен, ресми баспа орындарында басылып шыққан мақалалары оның әлеуметтанудан терең білімі барлығын байқатады.



(1841—1889)



(1845-1904)

Абай Құнанбаевтың философиялық-әлеуметтік көзқарастары ХІХ ғ. ІІ жартысымен ХХ ғ. басында қалыптасты. Абай әлеуметтанудан арнаулы еңбек жазбағанымен, ол қоғамдық құбылыстардың даму қағидалары, оларды басқару, қоғамның құрылымы, адам, тарихтағы бұхара халықтың және тұлғаның қалыптасуы, оның жоғары **әлеуметтік-моральдық** қасиеттері туралы терең ой қозғады. Яғни адамдарды ғылым, білімен қаруландырып, олардың сана-сезімін, білімін дамыту, қоғамның дамуына байланысты білімнің маңызды ролі туралы терең ой айтқан, және қоғам құбылыстарының даму қағидаларының бағыты алғаш рет мәселе қозғап, оны өзінше шешкен. Оның пікірі бойынша, біртұтас құбылыс ретінде қоғамның табиғи негізін **халық** құрайды. Қоғамның құрылымы бірыңғай құбылыс ретінде оның ішкі құрылымы алуан түрлі көкейтесті мәселелерді шешуді қажет етеді. Олардың қатарына мүлік арқылы жікке бөліну және

жекеменшік, таптық құрылым, мемлекеттік басқару және сот існ жүргізу, қоғамдағы еркіндік, бостандық, теңдік және адамдардың достығы т.б. жатады. Абайдың ойынша, елдің жақсы-жаман болуы оның ынтымақ берекесіне байланысты. Оның айтуынша, адамды қор қылатын **үш нәрсе** бар: надандық, еріншектік, залымдық. Надандық –білім, ғылымның жоқтығы. Абайдың әлеуметтік көзқарасында, байлар мен кедейлердің арасындағы айырмашылықтарын, олардың жағдайын, қоғамдағы алар орнын салыстырып, сауатсыздардың көзін ашып түсіндірмек болды.

Билердің шешімі Абай үшін тек қана басқару үшін емес, сонымен қатар халықтың дәстүрі мен танымынан тамыр тартқан толық ұғым (концепция). Абай үшін бір елдің заңы екінші елге жетекші бола алмайды. Сондықтан ол ресейлік заңға жат көзбен қарады. Абай биліктің жағдайын және оның баптарын жақсы білген. Өзі де заң шығаруға қатысқан. Ол әкімшілік және сот мәселелері туралы өз пікірлерін ашып айтты. Қазақстанның дамуына жол ашып, оны артта қалулықтан құтқарудың негізгі құралы – орыс білімі арқылы халықты **ағарту** деп санады. Абай халықты оқыту жұмысын бір орталықтан басқарып, жас буынды тәрбиелеуде мемлекет тарапынан үздіксіз қамқорлықтың керек екенін көрсетті. Бұл идея **игілікті идея** болды.

Ә.Бөкейханов қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастарды білу үшін орыстың демократиялық әдебиеттерін қазақ тіліне аударды. Бөкейханов 1906 жылы «**Қазақ саяси ұйымын**» құрды. Оның Бағдарламасы Орал қаласында «Факел» газетінде жарияланды. Онда алғаш рет қазақ қоғамының саяси жіне әлеуметтік тұрғыдан дамуы үшін өмірлік мәні бар мақсат пен міндеттерді іске асыру белгіленді. Мысалы, қазақ жерін сол халықтың меншігі, ол жеке меншікке берілмеуі керек деп танылған **заңдар** қабылдау үшін күш жұмсады, қазақ жастары оқитын мектептер, медреселер, жоғары оқу орындарын ашу, т.б. мәселелер қойылды. Біріншіден Ә.Бөкейханов қоғамдық-әлеуметтік қатынастарға түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етті. Екіншіден, ол ұлттық мәселелерді шешуде маңызды ойлар айтты.



(1866-1937)

Ол қазақ халқының алдыңғы қатарлы Ресей, одан ары Еуропа мәдениетінің деңгейіне жеткізу мәселесін қойды. Тығырықтан шығудың **жолы** – халықты ағарту, білімге тарту деп санады. Бөкейханов Петербургте орман шаруашылығы институтын бітіргенсоң Омбы қаласында 14 жыл тұрды. Мұнда ол бұрын зерттелмеген қазақ даласындағы әлеуметтік жағдайларды жан-жақты зерттеді. Оның басты мақсаты қазақ халқын Ресей империясының құлдық бұғауынан азат ету, бостандық, еркіндік алып, ілгері дамуды, басқа елмен тең құқықты болуды, өзін-зә басқаруды т.б. алға қояды. Қазақ еліндегі жаңа оқиғалар мен саяси процестерге байланысты Бөкейханов ұлттық саяси партия құруға мәжбүр болады, артынан «Алаш» партиясы құрылды. Оның **мақсаты** егеменді мемлекет құру. Партияның құрылуы туралы хабар «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 5 қазанында жарияланды. Оның көшбасшысы Ә. Бөкейханов болды. Ол мемлекет, құқық, партия, дін т.б. мәселелер жөнінде де көптеген келелі ой-пікір, кеңес, ұсыныс берді. Оның пікірінше, ұлтқа автономия бермесе, теңсіздік болады; мемлекет пен дінді айырмаса, дін мемлекеттің қолжаулығы болып кетеді. Ә.Бөкейхановтың мұндай алдыңғы қатарлы, әлеуметтік ғылыми көзқарастары, ой-пікірлері қазақ қоғамының өмір жағдайына сәйкес келіп, іске асырылуда.



(1873-1937)

Байтұрсынов бастауымен 1913 жылдан бастап қазақ лингвистикасының терминдері жасалып, қалыптаса бастады. Ол араб жазуын қазақ тіліне икемдеді, бұл өте тиімді болды. Байтұрсынов реформалаған араб жазуы 1924ж ресми қабылданды. Бұл, өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба әдебиеттің дамуына, баспа ісінің жандануына игілікті қызмет еткен **прогрессивті** құбылыс болды. Байтұрсынов қазақ балалары ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппені – «Оқу құралын» А. Байтұрсынов болды. Осыдан кейін ол 1915 жылы «**Тіл құралы**» деп аталған оқулықтың фонетика және морфологияға арналған бөлімдерін шығарды.

«Тіл құралы» қазақ мәдениетінде бұрын кездеспеген құбылыс болды. Ол қазақ тіл білімінің ірге тасын қалаушы, тұңғыш лингвист ғалым. Ол қазақ лингвистикалық терминдерінің авторы. А.Байтұрсынов өзінің публистикалық мақалаларында өз ойын өткір жеткізеді. Мысалы ол: -«Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз боғандықтан, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандықтың кесапаты» дейді.

Байтұрсынов 1905жылдары Қарқаралыда ағартушылық қызметте жүргенде бір топ азаматтармен бірігіп патша үкіметіне петиция жолдады. Онда олар қазақ халқына әлеуметтік теңдік берілуін, жер бөлісінде тұрғылықты халықтың мүддесі көзделуін, қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін талап етті.

Тәуелсіз Қазақстанда әлеуметтану мамандығы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде және т.б. оқу орындарында арнайы бөлімдер бар. Әлеуметтану жоғары оқу орындарында жеке пән болып оқытылады. Тиісті оқулықтар, оқу құралдарын шығару қолға алынуда. Алғашқы ғылыми зерттеулер негізінде М.М.Сужиков, Н.А.Аитов, М.Тәжин, М.Аренов, Қ. Ғабдуллина, Б.Аяғанов, С.Оспанов т.б. ғалымдардың еңбектері жарық көрді.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтану тарихының әр 3 кезеңінің өкілдерін атаңыз.
2. Конт бойынша позитивизм деген не?
3. Спенсердің дүниеге көзқарасы қандай?
4. Дюркгейм бойынша әлеуметтік фактілердің белгілері қандай?
5. «Түсіну, ұғыну» теориясы деген не?
6. 20 ғ. Әлеуметтанудың негізгі бағыттарын және әр бағыт өкілдерінің еңбектерін атаңыз.
7. Ш.Уәлихановтың ойынша, халық үшін ең маңыздысы не?
8. Алтынсариннің әлеуметтік идеясы неге бағытталған?
9. Абай қандай ойларды қозғады?

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Иекенов А.И. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004
2. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2007
3. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмагамбетова З.Н., Социология. Алматы, 2005
4. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: учебное пособие. Алматы, 2016
5. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
6. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
7. Вебер М. Избранные произведения: пер.с нем. М.,1990.
8. Дюркгейм Э. О разделении общественного труда. Место социологии. М.
9. Волков Ю.Г., Мостовая И.В., Добренъков В.И. Социология: Учебник. М.: Гардарики, 2012
10. Добренъков В.И., Кравченко А.И., Социология. В 3-х томах. М., 2013

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!
